Источник: ИС ПАРАГРАФ, 26.08.2015 14:27:13

**Білім беру қызметін лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы**
**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 ақпандағы № 195 Қаулысы**
*(2014.27.05. берілген* **өзгерістер мен толықтыруларымен***)*

«Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы **6-бабының 2), 3) және 8) тармақшаларына**, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы **4-бабының 8) тармақшасына** сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың **тізбесі** бекітілсін.

2. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті - жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, рухани білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметін лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиар;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Білім беру саласындағы аумақтық бақылау департаменттері - бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру қызметін лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиар болып;

3) осы қаулыға **1-қосымшаға** сәйкес өтініш берушінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі бөлігінде білім беру қызметін жүзеге асыруға лицензия беруді келісетін мемлекеттік органдар белгіленсін.

3. Осы қаулыға **2-қосымшаға** сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы алғашқы ресми **жарияланғанынан** кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының**
**Премьер-Министрі** **С.Ахметов**

*ҚР Үкіметінің 2014.27.05. № 549* **Қаулысымен** *тізбе өзгертілді (***бұр.ред.қара***)*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 28 ақпандағы
№ 195 **қаулысымен**
бекітілген

**Білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі**

| р/с № | Біліктілік талаптары | Құжаттар | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. Бастауыш білімнің білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін: | | | |
| 1. | Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі | Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері | |
| 2. | Жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдердің үлесі олардың жалпы санының кемінде 20% | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **1-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| 3. | Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған оқу | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | стандарттарына және бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес толық оқу цикліне білім алушылар контингентіне шаққандағы оқу әдебиеті қорының болуы | жоспарына және оқу әдебиетінің тізбесіне сәйкес оқу әдебиетінің тізбесін қамтитын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **2-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| 4. | Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы | Медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **3-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | Лицензияның мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі. Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| 5. | Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы | Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **4-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| 6. | Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін, меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі материалдық және материалдық емес активтердің болуы | Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы мен техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **5-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша)<br>Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері | Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректерді «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-дан алуға болған жағдайда ұсынылмайды. Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| 2. Негізгі орта білімнің, жалпы орта білімнің білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін: | | | |
| 1. | Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі | Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері | |
| 2. | Жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдердің үлесі олардың жалпы санының кемінде 30% | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **1-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| 3. | Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес толық оқу цикліне білім алушылар контингентіне шаққандағы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған оқу жоспарына және оқу әдебиеті тізбесіне сәйкес оқу әдебиетінің тізбесін қамтитын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | оқу әдебиеті қорының болуы | нысаны (осы біліктілік талаптарына **2-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| 4. | Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы | Медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **3-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | Лицензияның мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі. Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| 5. | Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы | Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **4-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| 6. | Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін, меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі материалдық және материалдық емес активтердің болуы | Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы мен техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **5-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша)<br>Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері | Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректерді «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-дан алуға болған жағдайда ұсынылмайды. Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| 7. | Интернет желісіне қосылған, компьютерлік сыныптармен, оқу-зертхана жабдықтарымен, оқу пәндерінің кабинеттерімен жарақталуы | Компьютерлік сыныптардың, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің болуы туралы ақпарат қамтылған, оқу процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **6-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | Интернет желісіне қосылған, компьютерлік сыныптармен жарақталуы туралы біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| 3. Техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін: | | | |
| 1. | Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі | Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері | |
| 2. | Штаттағы педагогтар үлесінің олардың жалпы санының кемінде 70% | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **1-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| 3. | Жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдердің және (немесе) магистрлер үлесінің олардың жалпы санының кемінде 30% | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **1-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4. | Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына әрі техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу жоспарына сәйкес толық оқу цикліне білім алушылар контингенті не шаққандағы оқу әдебиеті қорының болуы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған оқу жоспарына және оқу әдебиеті тізбесіне сәйкес оқу әдебиетінің тізбесін қамтитын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **2-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| 5. | Интернет желісіне қосылған, компьютерлік сыныптармен, оқу-зертхана жабдықтарымен, оқу пәндерінің кабинеттерімен жарақталуы | Компьютерлік сыныптардың, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің болуы туралы ақпарат қамтылған, оқу процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **6-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | Интернет желісіне қосылған, компьютерлік сыныптармен жарақталуы туралы біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| 6. | Практикадан өткізу базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың болуы | Сұратылып отырған мамандыққа немесе біліктілікке сәйкес практикадан өткізу базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттар көшірмелері | |
| 7. | Білім алушының бір жылғы оқуына жұмсалатын ең төменгі шығыстардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті оқу жылына арналған техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты бекіту жөніндегі қаулысында көзделген шығыстар деңгейіне сәйкестігі | Сұратылып отырған мамандық немесе біліктілік бойынша ағымдағы оқу жылында бір маманға кететін шығыстар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **7-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| 8. | Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы | Медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **3-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | Лицензияның мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі. Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| 9. | Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы | Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **4-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| 10. | Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін, | Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық | Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі материалдық және материалдық емес активтердің болуы | базасы мен техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **5-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | сипаттамасы туралы ақпарат деректерді «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-дан алуға болған жағдайда ұсынылмайды.<br>Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| | | Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері | |
| 4. Орта білімнен кейінгі кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін: | | | |
| 1. | Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі | Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері | |
| 2. | Штаттағы педагог қызметкерлер үлесінің олардың жалпы санының кемінде 70% | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **1-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| 3. | Жоғары және бірінші санаттағы оқытушылардың және (немесе) магистрлердің, ғылыми дәрежелі және атағы бар оқытушылар үлесінің олардың жалпы санының кемінде 40% | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **1-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| 4. | Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және орта білімнен кейінгі білімнің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес толық оқу цикліне білім алушылар контингентіне шаққандағы оқу және оқу-әдістемелік әдебиет қорының болуы, оның ішінде цифрлы тасымалдағыштардағы - оқу жоспарының 20%-нан кем емес (әскери мамандықтардан басқа) | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған оқу жоспарына және оқу әдебиеті тізбесіне сәйкес оқу әдебиетінің тізбесін қамтитын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **2-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| | | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған оқу жоспарына және оқу әдебиеті тізбесіне сәйкес оқу әдебиетінің тізбесін қамтитын цифрлы тасымалдағыштардағы оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **8-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| 5. | Интернет желісіне қосылған, компьютерлік сыныптармен, оқу-зертхана жабдықтарымен, оқу пәндерінің кабинеттерімен жарақталуы | Компьютерлік сыныптардың, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің болуы туралы ақпарат қамтылған, оқу процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету | Интернет желісіне қосылған, компьютерлік сыныптармен жарақталуы туралы біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **6-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| 6. | Практикадан өткізу базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың болуы | Сұратылып отырған мамандыққа немесе біліктілікке сәйкес практикадан өткізу базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың көшірмелері | |
| 7. | Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы | Медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **3-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | Лицензияның мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі. Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| 8. | Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы | Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **4-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| 9. | Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін, меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі материалдық және материалдық емес активтердің болуы | Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы мен техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы мен техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **5-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректерді «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-дан алуға болған жағдайда ұсынылмайды. Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| | | Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері | |
| 5. Рухани білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін: | | | |
| 1. | Білім беру ұйымының басшылығы бекіткен даярлық бейіні бойынша білім беру бағдарламаларының және оқу жоспарларының болуы | Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген және білім беру ұйымының басшысы бекіткен білім беру бағдарламаларының және оқу жоспарларының көшірмелері | |
| 2. | Бейінді пәндер бойынша жоғары рухани білімі және жалпы білім беретін пәндер бойынша жоғары білімі бар | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **1-** | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | штаттағы оқытушылардың болуы | **қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| 3. | Білім алушылар контингентіне шаққанда бір білім алушыға толық оқу цикліне дінтану сараптамасынан өткен, саны кемінде 50 бірлік басылымнан келетін оқу әдебиеті қорының болуы, оның ішінде цифрлық жеткізгіштерде - оқу жоспарының кемінде 20 % | Оқу жоспарына сәйкес және дінтану сараптамасынан өткен оқу әдебиетінің тізбесін қамтитын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **2-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| | | Оқу жоспарына сәйкес және дінтану сараптамасынан өткен оқу әдебиетінің тізбесін қамтитын цифрлық жеткізгіштердегі оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **8-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| | | Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің оқу әдебиеті қорына берілген дінтану сараптамасының оң қорытындысының көшірмесі | |
| 4. | Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі материалдық және материалдық емес активтердің болуы | 1. Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы мен техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **5-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-дан деректер алу мүмкін болған жағдайда ұсынылмайды. |
| | | 2. Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері | |
| 5. | Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен жарақталуы | Компьютерлік сыныптардың, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің болуы туралы ақпарат қамтылған, оқу үдерісін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **6-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| 6. | Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы | Медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **3-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | Лицензияның мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі |
| 7. | Білім алушыларға арналған | Санитариялық қағидалар мен | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | тамақтандыру объектісінің болуы | нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **4-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| 8. | Осы діни білім беру мекемесінің жұмыс істеу орындылығының негіздемесі бар республикалық діни бірлестік және өңірлік діни бірлестік қолдаухатының және Қазақстан Республикасының аумағында діни бірлестікті тіркеу туралы мәліметтердің болуы | 1. Республикалық діни бірлестік қолдаухатының көшірмесі<br>2. Өңірлік діни бірлестік қолдаухатының көшірмесі | Лицензиар діни бірлестіктің тіркелгені туралы мәліметті «Заңды тұлға» МДҚ АЖ-дан сұратады |
| 9. | Мәлімделген діни білім беру бағдарламаларына Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің сараптама қорытындысының болуы | Мәлімделген діни білім беру бағдарламаларына Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің қорытынды хатының көшірмесі | |
| 6. Жоғары білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін: | | | |
| 1. | ҚР Үкіметінің 2014.27.05. № 549 Қаулысымен алып тасталды *(***бұр.ред.қара***)* | | |
| 2. | Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі | Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері | |
| 3. | Ұлттық зерттеу университеттері, зерттеу университеттері, ұлттық жоғары оқу орындары, университеттер, академиялар үшін - сұратылып отырған мамандыққа сәйкес ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызмет жүргізу, кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау; институттар (консерваториялар, жоғары мектептер, жоғары училищелер) үшін - педагогикалық қызмет, кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау | Білім беру ұйымының ғылыми-зерттеу және педагогикалық жұмыстары туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **10-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша)<br>Оқытатын пәндер бейініне сәйкес соңғы үш жылда өткен курстары, пәндері, орны мен уақыты көрсетіле отырып, біліктілігін арттыру туралы ақпаратты қамтитын кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **11-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| 4. | Мемлекеттік білім беру тапсырыстары бойынша бағдарламаларды іске асыратын мемлекеттік жоғары оқу орындары үшін: бір оқытушыға есептегенде студенттер контингентінің сәйкестігі - 8:1 медициналық жоғары оқу орындары үшін - 6:1 аспайды («Әскери іс және қауіпсіздік» мамандықтарының тобынан басқа) | Сұратылып отырған мамандыққа алдын ала контингент туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **12-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| 5. | Олардың жалпы санынан | Педагог және оқытушы | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | штаттағы оқытушылар үлесі, оның ішінде білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартының базалық циклдері мен бейінді пәндері бойынша: ұлттық зерттеу университеттері, ұлттық жоғары оқу орындары, университеттер, академиялар үшін кемінде 80%; институттар (консерваториялар, жоғары мектептер, жоғары училищелер) - кемінде 70%; педагогикалық мамандықтар үшін білім беру ұйымының түріне қарамастан кемінде 80% | кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **1-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| 6. | Ғылыми дәрежелері және атақтары бар, оның ішінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарының базалық және бейінді пәндер циклі бойынша оқытушылардың штаттағы оқытушылар қатарындағы үлесі ұлттық зерттеу университеттері, зерттеу университеттері үшін кемінде 70%;<br>ұлттық жоғары оқу орындары үшін кемінде 55%; университеттер, академиялар үшін кемінде 50%; институттар<br>(жоғары мектептер, жоғары училищелер) үшін кемінде 45%; педагогикалық институттар<br>үшін кемінде 50%;<br>«Өнер» мамандықтарының тобы үшін<br>ғылыми дәрежелері, сондай-ақ құрметті атақ иелері және Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары бар оқытушылар кемінде 35%;<br>денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)<br>мамандықтарының тобы бойынша<br>ұлттық жоғары оқу орындары үшін кемінде 55%, университеттер, академиялар үшін кемінде 50%,<br>соның ішінде-кемінде 10% жоғарғы дәрігерлік санаты бар, резидентураны бітірген оқытушылар;<br>Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктеріне, Ұлттық | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **1-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қауіпсіздік комитетіне, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне (қаржы полициясы) ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін ғылыми дәрежесі мен атағы бар оқытушылар үлесі, әскери атағы полковниктен төмен болмағанда, «спорт шебері» және одан жоғары атағы болған жағдайда кемінде 40% | | |
| 7. | Жұмыс оқу жоспарына сәйкес толық оқу циклін қамтитын оқу және ғылыми әдебиет қорының болуы. Бұл ретте қазақ және орыс тілдеріндегі басылымдар оқыту тілдері бойынша білім алушылар контингентіне барабар болуы тиіс. Кітапхана қоры әлеуметтік-гуманитарлық бейіндегі пәндер бойынша соңғы 5 жылда; жаратылыстану, техникалық, ауыл шаруашылығы пәндері бойынша соңғы 10 жылда басылып шығарылған негізгі оқу әдебиетін қамтуы тиіс. Мамандықтың («Әскери іс және қауіпсіздік» мамандықтарының тобынан басқа) оқу жоспарының базалық және бейінді пәндерінің цифрлық жеткізгіштердегі оқу әдебиетімен қамтамасыз етілуі 40%-дан кем болмауы. Басқа кітапхана және ғылыми қорларымен, оның ішінде республикалық жоғары оқу орындары арасында электрондық кітапханамен шарттарының болуы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған оқу жоспарына және оқу әдебиеті тізбесіне сәйкес оқу әдебиетінің тізбесін қамтитын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы (осы біліктілік талаптарына **2-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| | | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған оқу жоспарына және оқу әдебиеті тізбесіне сәйкес оқу әдебиетінің тізбесін қамтитын цифрлық жеткізгіштердегі оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **8-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| | | Басқа кітапхана және ғылыми қорларымен, оның ішінде республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапханамен шарттардың көшірмелері | |
| 8. | Кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті компьютерлік сыныптармен, материалдық-техникалық және оқу-зертхана базасымен, жабдықтарымен жарақтандырылуы | Компьютерлік сыныптардың, оқу-зертхана базаларының, оқу пәндері кабинеттерінің болуы туралы ақпараттар қамтылған, оқу үдерісін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **6-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| 9. | Студенттің бір жылғы оқуына жұмсалатын ең төменгі шығыстардың | Ағымдағы жылға сұратылып отырған мамандық немесе біліктілік бойынша бір | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті оқу жылына жоғары білімді мамандар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты бекіту жөніндегі қаулысында көзделген шығыстар деңгейіне сәйкестігі | маманға кететін ең төменгі шығыс туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **7-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| 10. | Практикадан өткізу базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың болуы; педагогикалық мамандықтар үшін педагогикалық практика базалары бойынша мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарымен тікелей шарттардың болуы | Сұратылып отырған мамандыққа сәйкес практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың көшірмелері | |
| 11. | «Әскери іс және қауіпсіздік» мамандықтарының тобынан басқа, ұйымдармен және кәсіпорындармен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуге шарттардың болуы | Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік- конструкторлық жұмыстар жүргізуге ұйымдармен және кәсіпорындармен шарттардың көшірмелері (осы біліктілік талаптарына **17-қосымшаға** сәйкес Үлгілік шарт нысаны бойынша) | |
| 12. | Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы | Медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **3-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | Лицензиялардың мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі |
| 13. | Әр оқу корпусында білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы | Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **4-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| 14. | Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі материалдық және материалдық емес активтердің болуы | 1. Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы мен техникалық оқу құралдары туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **5-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-дан деректер алу мүмкін болған жағдайда ұсынылмайды |
| | | 2. Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері | |
| 7. «Магистр» академиялық дәрежесін бере отырып жоғары білімнен кейінгі кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың қызметі үшін: | | | |
| 1. | Оқу жұмыс жоспарларының | Білім беру ұйымының | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі | басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері | |
| 2. | Сұратылып отырған мамандыққа сәйкес жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыру; педагогикалық мамандықтар үшін қазіргі заманғы педагогикалық оқу технологиялары саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу | Мамандыққа сәйкес бакалавриат мамандығы бойынша лицензияның бар болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **9-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша)<br>Қазіргі заманғы педагогикалық оқу технологиялары саласында ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **13-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | Лицензиялардың мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі |
| 3. | Магистранттарды даярлау мамандығының білім беру ұйымы ғылыми зерттеулерінің тақырыптарына сәйкестігі | Ұлттық ғылыми-техникалық ақпараттар орталығында тіркелген, жоғары оқу орнының негізгі және қосалқы тақырыптары бойынша ақпарат қамтылған, білім беру ұйымының ғылыми-зерттеу жұмысы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **14-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| 4. | Тиісті даярлау бағыттары бойынша ғылыми, ғылыми-білім беру, өндірістік және ғылыми-өндірістік орталықтармен ынтымақтастық туралы келісімдердің болуы | Ғылыми, ғылыми-білім беру, өндірістік және ғылыми-өндірістік орталықтармен ынтымақтастық туралы келісімдердің көшірмелері | Шетел тілінде жасалған келісімдер мен/немесе шарттар ұсынылған жағдайда, олардың мемлекеттік немесе орыс тіліне аударылып, нотариалды расталған нұсқасының қоса берілуі талап етіледі. |
| 5. | Тиісті мамандық бойынша штатта ғылым докторының немесе екі философия (PhD) докторының болуы; «Әскери іс және қауіпсіздік» мамандықтарының тобы үшін - ғылым докторының немесе философия (PhD) докторының болуы | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **1-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| 6. | Ғылыми дәрежелері және атақтары бар штаттағы оқытушылар үлесі оқытушылар санының кемінде 70%-ы;<br>«Өнер» мамандықтарының тобы үшін ғылыми дәрежелері, сондай-ақ құрметті атақтары және Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары бар оқытушылар үлесі кемінде 60 %;<br>Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **1-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | министрліктеріне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне (қаржы полициясы) ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдары үшін ғылыми дәрежелері және атақтары бар, әскери (арнайы) атағы полковниктен төмен емес оқытушылардың үлесі кемінде 60% | | |
| 7. | Тиісті бейіндегі ғылыми дәрежесі, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, отандық және шетелдік басылымдарда ғылыми жарияланымдардың, магистрлік даярлық мамандығы бойынша оқу құралдарының авторы болып табылатын жетекші мамандардың, штаттағы оқытушылардың магистранттарға ғылыми жетекшілікті жүзеге асыруы | Тиісті мамандықтар бойынша жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқу құралдары, көрсетілген ғылыми жетекшілер туралы ақпараттарды қамтитын ғылыми жетекшілікті жүзеге асыру туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **15-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| 8. | «Әскери іс және қауіпсіздік» мамандықтарының тобынан басқа, ұйымдармен және кәсіпорындармен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуге шарттардың болуы | Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік- конструкторлық жұмыстар жүргізуге ұйымдармен және кәсіпорындармен шарттардың көшірмелері (осы біліктілік талаптарына **17-қосымшаға** сәйкес Үлгілік шарт нысаны бойынша) | |
| 9. | Тиісті ғылыми мамандықтарды даярлау бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименттік базаның болуы | Сұратылып отырған мамандықтың бейініне сәйкес ғылыми-зерттеу институтының, клиникалық базасының ғылыми зертханасының, техникалық паркінің, бизнес-инкубаторының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **16-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| 10. | Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі материалдық және материалдық емес активтердің болуы | 1. Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы мен техникалық оқу құралдары туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **5-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша)<br>2. Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері | Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-ны деректер алу мүмкін болған жағдайда ұсынылмайды |
| 11. | Магистранттың бір жылғы оқуына арналған ең төменгі | Ағымдағы оқу жылына сұратылып отырған | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | шығыстардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті оқу жылына арналған жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты бекіту жөніндегі қаулысында көзделген шығыстар деңгейіне сәйкестігі | мамандық немесе біліктілік бойынша бір маманға кететін ең төменгі шығыс көлемі туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **7-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| 12. | Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті және қазіргі заманғы талаптарға сай келетін оқу-зертхана жабдықтарымен жарақтандырылуы | Компьютерлік сыныптардың, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің болуы туралы ақпараттар қамтылған, оқу процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **6-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| 13. | Практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен, оның ішінде шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтуге жасалған шарттардың болуы | Практика базалары ретінде айқындалған, оның ішінде ғылыми тағылымдамадан өтетін ұйымдармен шарттардың көшірмелері | Шетел тілінде жасалған шарттар ұсынылған жағдайда, олардың мемлекеттік немесе орыс тіліне аударылып, нотариалды расталған аудармасын қоса беру талап етіледі |
| 14. | Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы | Медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызметтің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **3-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | Лицензиялардың мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі |
| 15. | Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы | Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **4-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
| 8. Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын (резидентура) білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың қызметі үшін: | | | |
| 1. | Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі | Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері | |
| 2. | Кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық, кемінде 5 жыл клиникалық жұмыс өтілі бар, даярлық бейіні бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық конференциялардың еңбектерінде ғылыми жарияланымдары, оқу құралдарының авторы болып табылатын даярлық бейіні | Тиісті мамандықтар бойынша жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқу құралдары көрсетілген ғылыми жетекшілер туралы ақпараттарды қамтитын ғылыми жетекшілікті жүзеге асыру туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **15-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бойынша штатта кемінде екі ғылыми дәрежелі маманның немесе ғылыми дәрежелі бір маманның және жоғары дәрігерлік санаты бар бір маманның болуы | | |
| 3. | Тиісті ғылыми мамандықтарды даярлау бойынша мамандандырылған ғылыми-әдістемелік, клиникалық, материалдық-техникалық базаларының болуы | Сұратылып отырған мамандықтың бейініне сәйкес ғылыми-зерттеу институтының, клиникалық базасының, ғылыми зертханасының, техникалық паркінің, бизнес - инкубаторының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **16-қосымшаға** сәйкес нысаны бойынша) | |
| 4. | Қажетті құрал-жабдықтармен, зертханалармен, кітапханалармен қамтамасыз ету | Компьютерлік сыныптардың, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің болуы туралы ақпараттар қамтылған, оқу процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына **6-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша) | |
